



Алхан Бóкехан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓǴAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Аqtog'ay айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 7-8 (7950) 23 ақпан, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына – 35 жыл

Күні кешегі Кеңес дәуірінің кереғар саясатының салдарынан тарих бетінде қалдырған Ауған соғысының аяқталғанына 15 ақпанда 35 жыл толды. «Интернационалдық борышын өтеу керек» деген үкіметтің өкінішті ұранының арқасында енді ғана 18-ге толған бозбалалар Ауған жерінің топырағын басып, дәмін татты. 1979 жылы осы ана сүті ауыздарынан кетіп үлгермеген балаң сарбаздар атақ-данқ

жеткізу, ерлік істерін насихаттау, тарихтан әділ бағасын беру – бүгінгі күннің басты бағыттарының бірі. Осынау отты жылдары бейбіт өмір үшін күрескен қазақстандықтар сапында ақтоғайлық азаматтардың да ерлік үлгісін танытып, жан аямай отқа түскені белгілі. Отанға деген адал қызмет еткен жерлестерімізді біз әрдайым мақтаныш етіп келеміз. Ауғандық ардагерлерге құрмет көрсе-

Ардагерлер ардақталды



үшін емес, тыныштықты қорғаймыз, соғыс өртің өшіреміз деп қанды қырғынның ортасынан бір-ақ шыққан еді.

Осы орайда Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуына орай, өңірімізде түрлі кездесулер мен салтанатты шаралар өтіп жатқаны белгілі. Атаулы күнге орай қоғамдық ұйым өкілдері, ардагерлер және мектеп оқушылары аудан басындағы «Тарих тағылымы» саябағындағы «Ауған соғысы ардагерлеріне» арналған мемориалды ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, қаза тапқан ардагерлерді үнсіздікпен еске алды.

Жиналған жұртшылықты аудандық мәслихаттың төрағасы Рашид Әбеуов құттықтап, шараның мән маңызына тоқталды.

Одан әрі аудан әкімдігінің мәжіліс залында ардагерлердің қатысуымен ресми жиын өтті. Жиынды құттықтау сөзімен ашқан ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов: – Отан алдындағы әскери міндетін адал атқарған Ауған соғысы ардагерлерінің есімін жас ұрпаққа

ту, есімдерін жас ұрпаққа насихаттау бағытында жыл сайын түрлі деңгейде мәдени көпшілік шаралар өткізіліп келеді. 15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай ақтоғайлықтар атынан шынайы тілегімді білдіре отырып, сіздерге және сіздер арқылы барша Ауған соғысының ардагерлеріне мықты денсаулық, отбасы амандығын тілеймін, – деген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы саяси соғыс ардагерлерінің майдан даласындағы жауынгерлік жолы мен туған елге оралғаннан кейінгі бейбіт өмірдегі еңбек үрдісі өскелең ұрпаққа қашан да үлгі-өнеге болатынын айтты.

Осыдан соң ардагерлер өздеріне көңіл бөліп, құрмет көрсеткен аудан әкімдігіне ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта да жастарды елжандылық пен отансүйгіштікке баулуда өз үлестерін қосып, игі істің ұйытқысы болатындықтарын жеткізді. Кездесудің қорытынды бөлімінде С.Сыздықов ардагерлерге Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл мерекелік медалін табыстап, сый-сияпат көрсетті.

Өз тілшімізден.

* Жағымды жаңалық

«Ауыл денсаулығы» жобасы аясында Қызыларай ауылында акушерлік-фельдшерлік пункт пайдалануға берілді.

Ауылда – жаңа емхана

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысында «Ауылдағы денсаулық сақтау саласын жаңғырту» жобасының әлеуметтік мәні зор. Біз ауыл тұрғындарының 100 пайызын сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз ету туралы айтып отырмыз. Бұл – мемлекет ретінде біздің міндетіміз. Алайда, бұл – атқарылатын барлық жұмыстың ең аз бөлігі. Сондықтан, жобаның екінші компоненті – ауыр

– Сіздерді медициналық нысанның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл күнді ауыл тұрғындарының асыға күткені жасырын емес. Енді, ауыл тұрғындары осында ем қабылдап, денсаулығын нығайтады. Осындай акушерлік-фельдшерлік тіректер қажет. Өздеріңізге белгілі, мемлекет басшысы өз Жолдауында әлеуметтік салаға үлкен мән беріп отыр. Соның ішінде, әсіресе, денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөлініп



дәртке шалдыққандарға және жарақат алғандарға сапалы көмек көрсету уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін көпбейінді ауруханалардың құрылысына қатысты мәселе де маңызды», – деп ауылдағы денсаулық сақтау саласын жаңғыртудың маңыздылығына тоқталған болатын.

Иә, басы ауырып, балтыры сыздаған адамның әуелі ишпа іздеп, өзі тіркелген аумақтағы медициналық мекемеге жүгінері анық. Осы ретте Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен мемлекет ауылдық аймақтардағы халықтың денсаулығын түзейтін мекемелердің жағдайына бірінші кезекте көңіл бөліп отыр. Таяуда «Ауыл денсаулығы» жобасы аясында Қызыларай ауылында акушерлік-фельдшерлік пункт пайдалануға берілді. Ауыл тұрғындары көптен күткен нысанның ашылу рәсіміне аудан әкімі Руслан Кенжебеков қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Жаңа ғимарат халықтың игілігіне қызмет ете берсін. Мұнда жұмыс істейтін ақ халатты абзал жандардың жұмысына табыс, абырой тілеймін, – деді Руслан Кенжебеков.

Сондай-ақ, өңір басшысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде бірнеше денсаулық сақтау нысаны салынып, пайдалануға берілетінін және медициналық ғимаратпен толық қамтылатындығын жеткізді.

Шара барысында ауыл тұрғындары атынан зейнеткер Сатыбалды Шакиров пен көп жыл бойы денсаулық саласында қызмет атқарған Бақыт Изақова жаңа нысанның ашылуымен тұрғындарды құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Айта кетейік, «Ауыл денсаулығы» жобасы аясында биыл аудан бойынша жаңадан 9 нысанның құрылысы басталмақ.

Өз тілшімізден.

Қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттері мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган бо-лып табылады.

Былырғы жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне (бұдан әрі – Департамент) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты қызмет алушылардан 60-тан астам астам өтініш келіп түскен.

Олардың басым көпшілігі жер қатынастары, тұрғын үй және әлеуметтік салаларға қатысты түскен болатын.

Кез келген шағымды Департамент қызметкерлері толық зерделеп, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін заңмен көзделген бақылау шараларын жүргізеді.

Мысалға, Департаментке «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-мен «Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша қабылдаған шешімімен келіспеу жөнінде қызмет алушының өтініші түсті.

Атап айтқанда, қызмет алушыға қатысты қайта куәландыру жүргізудің нәтижесінде сараптамалық шешіммен оған «жалты ауру» себебінен екінші топ

мүгедектігі, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 1 жыл мерзімге белгіленген. Айта кету керек, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырмалар берген болатын.

Бұл орайда, Департаменттің тікелей араласуымен шағымдану бойынша тексеру жүргізу барысында Медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі мамандарының және шақырылған сарапшылардың пікірлерін ескере отырып, қызмет алушыға мүгедектіктің мерзімін «қайта куәландыру мерзімінсіз» белгілеу туралы шешім қабылданды.

Яғни, қызмет алушының құқығының қалпына келтірілуі қамтамасыз етілді. Егер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнама талаптарының сақталмағанына куә болсаңыз, яғни мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі бұзылса, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартылса, артық құжаттар талап ету фактісі болса не-месе қызмет көрсету талабы бұзылса, Сіз құқығыңызды Департаментке шағымдану арқылы қорғай аласыз. Біздің мекен-жайымыз: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39. Байланыс нөмерлері: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83 кеңсе нөмірі.

С. Амангельдинова,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

Жаңа тағайындау

Ақтоғай аудандық мәслихат төрағасының 2024 жылғы 6 ақпандағы № 1-6/12 өкімі **Ж.Тажимаевты Ақтоғай аудандық мәслихат аппаратының басшысы лауазымына тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 27 бабының 10 тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығына сәйкес **Тажимаев Жасулан Ақтоғай аудандық мәслихат аппаратының басшысы лауазымына тағайындалсын.**



Жасулан Муратбекович Тажимаев 1976 жылы 13 мамырда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында туған. 1999 жылы С.Сейфуллин атындағы Ауыла аграрлық университетін «ауылшаруашылығы өндірісін механикаландыру» мамандығы бойынша бітіріп, «инженер-механик» біліктілігін, 2005 жылы Алматы экономика және статистика академиясын «қызметкерлерді басқару» мамандығы бойынша бітіріп, «экономист» біліктілігін алған. Еңбек жолын 1999-2002 жылдар аралығында Балхаш қаласының телекоммуникация торабында жұмыс жасаудан бастаған. 2003-2008 жылдары аудандық еңбек және халыққа әлеуметтік көмек бөлімінің әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі бас маманы, 2008-2009 жылдары аз қамтамасыз етілгендерге, ардагерлер мен мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету және кадрлық жұмыстар секторының меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2009 жылдың сәуір айынан бері Ақтоғай аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы лауазымын атқарған. Отбасылы, екі баласы бар.

Хабарландыру

Қарағанды облысының кадрлық комиссиясы Қарағанды облысының өңірлік резервіне іріктеудің басталғанын хабарлайды.

Өңірлік резервке алынатын кандидаттарға келесі талаптар қойылады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтылығы;
- 2) Құжаттарды тапсыру сәтінде жасы отыз бес жастан аспаған;
- 3) Жоғары білімі болуы;
- 4) Үш жылдан кем емес еңбек өтілі болуы тиіс.

Іріктеу келесі салалық бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) индустрия және өнеркәсіп;
- 2) экономика және қаржы;
- 3) әлеуметтік сала;
- 4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
- 5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары;
- 6) цифрландыру;
- 7) экология.

Құжаттарды қабылдауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қа-рағанды облысы бойынша де-партаменті 2024 жылғы 1-31 наурыз аралығында (қоса алғанда) өңірлік резервке іріктеу жөніндегі онлайн-платформада (onir.pkrezerv.gov.kz) кандидатты тіркеу арқылы

жүзеге асырылады. Жеке кабинетке кіру кандидаттың логині мен паролі бойынша дербес жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, үміткер құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе элек-тронды түрде ұсына алады.

Құжаттар электрондық пошта арқылы немесе мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 39, (2-қабат).

Бұл ретте, құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде берген кандидаттарда онлайн-платформада (onir.pkrezerv.gov.kz) тіркеліп құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, бірақ 2024 жылғы 31 наурыздан кешіктірмей жүктейді.

Іріктеуге қатысу үшін құжаттар тізімі туралы ақпаратты және басқа мәліметтерді (onir.pkrezerv.gov.kz) онлайн-платформадан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің www.qyzmet.gov.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Департаменттің әлеуметтік парақшаларында @elgeqyzmet.qaragandy,

@qaragandy.onir.rezerv.kz және келесі телефондар арқылы: +7 (7212) 50-40-23, +7 (7212) 50-33-83, +7 705 902 0525 алуға болады.

Объявление

Кадровая комиссия Карагандинской области объявляет об отборе в Региональный резерв Карагандинской области.

Требования к кандидатам для зачисления в Региональный резерв:

- 1) Гражданство Республики Казахстан;
- 2) Возраст не старше 35 лет на момент подачи документов;
- 3) Наличие высшего образования;
- 4) Трудовой стаж работы не менее трех лет.

Отбор пройдет по следующим отраслевым направлениям:

- 1) индустрия и промышленность;
- 2) экономика и финансы;
- 3) социальная сфера;
- 4) жилищно-коммунальное хозяйство и инфраструктура;
- 5) агропромышленный комплекс и земельные отношения;
- 6) цифровизация;
- 7) экология.

Прием документов осуществляется Департаментом Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Карагандинской области с 1 по 31 марта 2024 года (включительно) на онлайн-платформе по отбору в региональный резерв (onir.pkrezerv.gov.kz) путем регистрации

кандидата. Вход в личный кабинет осуществляется по логину и паролю кандидатом самостоятельно.

Также, кандидаты могут представить документы на бумажном носителе либо в электронном виде. Документы принимаются по электронной почте либо нарочно по адресу: г. Караганда, проспект Н.Назарбаева, 2 этаж.

При этом, кандидаты, подавшие документы на бумажном носителе либо в электронном виде, также регистрируются на онлайн-платформе (onir.pkrezerv.gov.kz) и загружают документы в течение одного рабочего дня после подачи документов, но не позднее 31 марта 2024 года.

Подробную информацию о перечне документов для участия в отборе и другие сведения можно получить на онлайн-платформе (onir.pkrezerv.gov.kz), интернет-ресурсе Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Карагандинской области www.qyzmet.gov.kz, на страницах Департамента в социальных сетях @elgeqyzmet.qaragandy,

@qaragandy.onir.rezerv.kz, а также по телефонам: +7 (7212) 50-40-23, +7 (7212) 50-33-83, +7 705 902 0525

***Журналист-қаламгер Сүйіндік Жанысбай – 75 жаста**



Журналист-қаламгер С.Жанысбай облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде көп жылдан бері қызмет істеп келеді. Сүйіндік Жанысбай 1949 жылы 13 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты «Қызыларай» ауылында туған. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Қазір «Орталық Қазақстан» гезетінің құқық және бұқаралық жұмыс бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс атқарады. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. С.Жанысбай өлең жазуды мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінен өзінде бастаған. Негізінен көркем аудармамен айналысады, бірнеше повесть, көптеген әңгіме жазған. Оның республикалық баспалардан шыққан «Құрыш қолтанба» («Жалын», 1983

ж.), «Өрлеу» («Қазақстан», 1978 ж.) жинақтарына очерктері, «Көңілді көшенің жігіттері» атты жинаққа («Жалын», 1981 ж.) Оның қаламынан туған әңгімелері мен әзіл-сықақтары «Жалын» баспасынан «Адамша кел» атты сықақ әңгімелері 1991 жылы кітап болып жарық көрді. «Жазушы» баспасынан шыққан «Орман үстіндегі түн» (1990 ж.) атты жинаққа әңгімесі енген. Социалистік Еңбек Ері С.Тоқымтаевтың атынан «Өнімді еңбек көздері» деген кітапша («Қазақстан», 1981 ж.) шығарды. «Жалын» баспасынан (1989 ж.) эстон жазушысы Эллен Нийттиң «Пилле-Рийн» атты балаларға арналған кітапшасын аударып бастырды. «Адамша кел» атты әзіл-сықақ әңгімелері («Жалын», 1991 ж.) кітап болып жарық көрді. Той

басқаратын асабаларға арналған «Ақ босаға» атты кітапша құрастырып шығарды. Милиция өмірі жайлы әңгімелері мен очерктері және сұхбаттары «Өкініш» және «Взятка» деген атпен облыстық «Полиграфия» бірлестігінен, «Кездесу» повестер мен әңгімелері «Астана» баспасынан 2007жылы, «Сарыарқаның самалы» атты туған жер, табиғат, экология мәселелері туралы кітабы Қарағанды: АРКО баспасынан 2003 жылы жеке кітап болып шықты. Мақалалары мен көркем очерктері, новеллалары өзі еңбек ететін «Орталық Қазақстан» газетінде үзбей жарияланып тұрады. 2001 жылы «Ауылымды аңсадым» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Алдында ағаң болған қандай жақсы

Жетпісінің жылдардың бірінде, дәл қай жылы екені есімде жоқ, «Қазақ әдебиеті» апталығы шығармашылықпен айналысатын адамның қайда тұрғаны жақсы деген мағнада сауал беріп, әр жастағы ақын-жазушылардың пікірін сұрағаны бар. Барлығы дерлік коммунистік идеологиямен суарылған жандар ғой, көпшілігі шын талант қайдан болсын жарып шығады, қолына қалам алған адам қайда тұрса да бәрібір деген сыңайда жасау берген еді. Тек Бердібек Соқпақбаев қана: «Атағың шығып, пәтер алғашы Алматыда тұрған жақсы, одан кейін өзің де кетпейсің», – деп сөз қайтарған. Ми тұнық, оқушы шағым ғой, жазушы ағаның жаңағы жасауы жадымда жазылып қалды. Шын мәнінде ол кезде ақын-жазушылардың, жалпы шығармашылық адамдардың көпшілігі Алматыда тұратын, астана мәртебесі бар қалаға баруға құмартамын. Өйткені, шығармашылық орта да, кітап шығаратын баспалар да Алматыда орналасқан-ды. Содан да болар, Алматыдағылардың жалы күдірейіп тұрады. Әрине, орталықтан шалғайдағы қалаларда, тіпті алыс ауылдарда өмір сүретін де авторлар бар еді. Олардың дауысы бөсең, құмық шығатын. Осы, провинцияда қалған таланттардың адымы қысқа, мүмкіндігі шектеулі болса да, кейбір жазғандары астаналықтардан асып түсіп, жасаған дүниелері қоғамның алға басуына мол үлес қосқаны және қазір де үлкен роль атқарып жүргені күмәнсіз. Сондай қаламгерлердің бірі – қарағандылық журналист, жазушы Сүйіндік Жанысбай десек, көп қателесе қоймаспыз. Сүйіндік Жанысбайұлымен «Орталық Қазақстан» газеті редакциясында жиырма жылдан астам уақыт бойы қоян-қолтық араласып қызмет атқардық. Кейбір мерез пенделердің тағдырыма тас атуы салдарынан басылымнан кетіп, өзге өңірде, басқа салада еңбек етуіме тура келсе де, Қарағандыдағы торқалы той, топырақты өлім өз алдына, ірілі-ұсақты іс-шараларда шұрқырай кездесіп, аға-іні болып табысып жүрдік. Осы мерзім ішінде Сүйекеңді өзінің кәсіби міндетін жақсы білетін журналист қана емес, көркем мінезді адам ретінде де біршама таныдым. Сырттай қарағанда, Сүйекең көп үндемейтін, ешкімді бетінен алып, қатты сөз қатпайтын кісі сияқты әсер қалдырады. Ол шынында да солай. Бірақ, жақын танығандар оның ұстанымы берік, ақырын сөйлесе де ой-пікірін қорғай алатын табанды адам екеніне көз жеткізеді. Сүйіндік Жанысбай көп жылдар бойы «Орталық Қазақстанның» құқық және бұқаралық жұмыс бөліміне жетекшілік жасады. Оқырмандардан түсетін хат-хабарларды өңдеу өз алдына, ай сайын жарияға шығатын «Адам. Қоғам. Заң», экология тақырыбын көтеретін «Сарыарқа» беттерін күні бүрғын даярлап жасауы хатшының қоржынына салып қоятын. Оны атап көрсетіп отырамын, айына жалғыз-ақ арнайы бет әзірлеуге тиісті кейбір әріптесіміз өз міндетіне немқұрайды қарап,

соңынан жүзгіртіп қойса, Сүйекеңнің барлық жұмысы тап-тұйнақтай тынып тұрар еді. Басылымның жасауы хатшысы болған мен үшін Сүйекеңнен сүйкімді адам болмайтын сол кезде. Оның мұндай тындырымды қасиеті қызметін ішкі істер саласында бастауынан қалыптасқан тәрізді. Тәртіп – ол кісінің басты принциптерінің бірі. Аптасына екі мәрте өтетін жездемеде, ерте де емес, кеш те емес, сағат 9-дан 15 минут кеткенде Сүйекең редактордың бөлмесіне кіреді. Әрине, іссапарға шықпаса, ауырып-сырқап қалмаса. Жыын үстінде батыл сөйлеп, әріптестерінің шығармаларында орын алған олқылықтарды сын тезіне алатын журналистердің бірі осы адам. Редакцияға жаңа орналасқан жас мамандар тарапынан кейбір терминдерді дұрыс қолданбайтын жағдайлар кездесіп қалады. С.Сейфуллин атындағы театр актерінің мерейтойына байланысты әзірлеген эссесінде бір журналист ампула деген сөзді бірер жерде ампула деп жазып жіберіпті. Басқалар аңғара қоймаған осы қателікті Сүйіндік ағамыз бірден тап басып, актердің бір бейнесін сомдауға бейімделуі ампула, сұйық дәрілер құйылған шағын шыны ыдыс ампула деп аталатынын тәптіштеп түсіндіргені есімде. Сүйекең басылымда логикалық, стильдік, емге қателері кетпейін де мұқият қадағалайды. Сөзді орынды қолдануға зер салады. Қазақтар тасжарған деп атайтын, табиғаттың қаталсынына төзімді өсімдік бар. Тамыры бұтақты, халық медицинасында асқазан, тамақ, жүйке ауруларын емдейтін қасиеті мол өсімдік. Сүйекеңді кейбір мінезіне орай осы тасжарғанға ұқсатамын. Қоғамның қайшылығы мен кедергілеріне мойымай, провинциядағы қаламгердің күрделі сапарында жүріп келе жатқан ол мерзімді баспасөздің күнделікті жұмысын атқара жүріп ондаған кітап шығарып үлгерді. Олардың тақырып аясы да, жанрлары да әр алуан: «Өкініш» («Взятка» орыс тілінде) ішкі істер органдары қызметкерлері өмірінен жазылса, «Ақабайдың ала қабы» мен «Адамша кел» сатиралық және сықақ әңгімелердің жинағы, әр жылдары жазылған өлеңдері «Ауылымды аңсадым» кітабына топтасса, «Сарыарқаның самалы» табиғат және экология мәселелерін көтереді. Біраз шығармалары ұжымдық жинақтарға енгізілген. Сүйекеңнің көркем аудармасы мен публицистикасы өз алдына бір төбе. Әлемдік географиялық картаға «Қазақтың ұсақ шоқылары» деген атаумен түскен Сарыарқаның ең биігі Қызыларай тауының жанындағы Еңбек ауылында кіндік қаны тамған Сүйіндік Жұмабайұлы бүгінгі күні 75 деген биікті бағындырып, өзінің балалары мен немерелері құралыпты қаламгерлерден қалыспай, қатар қалам сілтеп келеді. Жаратушы ғұмырына кеңдік беріп, отбасындағы «Радио ана» – Нұрғайын тәтеміз бабын тапса, Сүйекеңнің қаламынан әлі де талай тамаша туынды өріп шығатыны күмәнсіз.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
ҚР Мәдениет қайраткері.**

Сүйіндік Жанысбай

Туған жер туралы жыр

Кең дала жасыл алқап манаураған,
Шалғынды, гүл майсасы алаулаған.
Туған жер аршын төсін қандай әсем,
Қызық қой сағынышпен қарау маған.
Көгілдір көк тауларың мұнарланып,
Алыстан сағымданып, тұманданып.
Жұпар ауа бойынды балқытады,
Япыр-ау, жырға қоспай тұрам неғып.
Дәру ғой көусар сулы бұлағың ем,
Саялы, жазиралы тұрағың кең.
Сағышып, самалыңды еске аламын,
Сайрандап еркін өскен ұланың ем.
Даланда бұлдырайды сағым ойнап,
Ж арысып құлын мен тай салып ойнақ.
Боздайды боз дөңгілде бота жусап,
Масайрап жан-жануар анық тойлап.
Қалың күс қиқулаған көл бетінде,
Сұлулық орнайғапты жер бетінде.
Суретші қыл қаламмен бейнелеген,
Әсемдік тұнып тұрған келбетінде.
Бал махаббат алғашқы бүршік атып,
Ғашықтық пайда болған ұйқы қашып.
Жүреkte тұтанып бір өрт алауы,
Сезімді селт еткізген маржан шашып.
Сол далада қиялым қанаттанып,
Қызығын жастық шақтың сан атқарып.
Өткеріп гүл дәуренді төскейінде,
Оқуға кете бардым мен аттанып.

Шаңырақтау

Торғын бұлт шын басына үшліпті,
Көк аспан қабақ шытып, түйіліпті.
Шаңырақтау – шын басында тақия тас,
Бөріктей дөңгелең киіліпті.
Табиғат өзі жасап өз қолымен,
Жөнеп кеткен содан соң өз жөнімен.
Тақиятас жүреkte бір арман ғой,
Ешқашан қолың жетпес созғаныңмен.
Жидектер баурайында жайқалатын,
Араласан жан-жүрек ж ай табатын.
Ж ан-жаққа шын басынан көзің салсаң,
Бас айналып, дүние шайқалатын.
Туған жер, тау биігі – Шаңырақтау
Япыр-ау, ол да өзінше жаңарыпты-ау!
Тағынып алтын алқа күн нұрынан,
Жап-жасыл мақпал кілем жамылыпты-ау!
Қараймын мен өзіне келгенімде,
Қуанам паң тұлғанды көргенімде.
Сауығып, ерен күшке ие болам,
Қойнауыңнан бүлдірген тергенімде.
Жесем бір жемісінді күш ап қалам,
Суыңнан бал татыған ішіп қанам.
Сондықтан ыстық маған көрінесің,
Бауырыңда анам жатыр құшақтаған.

Өздеріңді жырлап өтер ұрпағың, Ауғандағы азап шеккен арыстар



Ер есімі – ел есінде

Балқашбайұлы жайлы бүгінгі басылым бетіне жариялағанды жөн көрдік.

Ауғанстанға Кеңес Әскері 1979 жылы енгізілді. Ол тоталитарлық режимнің әлемге коммунистік ықпал жасауға ұмтылған әрекетінің, социалистік және капиталистік жүйелер арасындағы қайшылықтан туындаған қате саясаттың жемісі еді.

Бұл саясатты Кеңес Әскерлерінің жауынгерлері ол кезде жете түсінбеді, Ауғанстанға қарсы соғысқа аттану Отан тапсырмасы деп ұқты. Осындай қате саясаттың құрбаны болғандардың бірі Оразалин Серікбай Балқашбайұлы. Ол Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 11 тамыз 1966

Қоғамдық ой сананың жаңғыруы, дәстүрлі өмірлік құндылықтардың оралуы соңғы жылдары қоғам мен қалың бұқараның отандық тарихқа, туған өңірінің тарихына, тарихи үдерістерді шынайы танып-білуге септігі тиетін архив құжаттарына айтарлықтай қызығушылық танытуына түрткі болды. Мәселен, құжаттық ақпаратқа жалпы қолжетімділік және оның ашықтығы, құжаттарды іздеу заңдылығы, алу және пайдалану сияқты бірізділіктер шынайы тарихи оқиғалар мен өткен жылдар естеліктеріне жан бігіретін мемлекеттік архивтердің құжат қоймасы ретіндегі маңызын арттырып отыр.

Құжаттар ең алдымен ғылым мүддесі үшін кәдеге жарау, мемлекетті экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік тұрғыдан дамыту мақсатында сақталады. Бұрын белгісіз болып келген жаңа құжаттарды ғылыми айналымға қосу тарихи фактілерге жаңаша көзқараспен үңілуге мүмкіндік береді. Тарихи және мәдени негіздің кең ауқымда болуы азаматтық жауапкершілік сезімі мен отансүйгіштік құндылықтарға жетелері хақ. Тарихта тұнған руханияттың ұмытылуына жол бермей, қайта оның жаңғыруына күш жұмсаудың өскелең ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Бауыржан Момышұлы «Құдай бар, архив бар деп тегін айтпаған. Архивтің не екенін осы сөзден түсінуге болады. Алайда, архив керексіз қағаздар қоймасы, өлі дүние деп түсінетін адамдар армызда өлі де бар. Біздіңше ол қойма да сандық та емес. Ол ғылымның барлық саласына қатысты құжаттардың көзі, халқымыздың өшпес мұрасы, еліміздің байлығы, асыл қазынасы. Міне, осы қазыналардың бірі Ақтоғай ауданының мемлекеттік архиві.

Өткен ғасырдың сексен тоғызыншы жылы іргетасы қаланған аудан тарихының қара шаңырағы, архив қызметкерлерінің қара қосы уақыт мінберінде халыққа қызмет көрсетуде абыроймен жұмыс жасап келеді. Осы аудандық архивте Ақтоғай ауданының тарихи тұлғаларының өмірдерінің, тарихи оқиғалар мен мәдени шараларды бейнетаспаға, фотоға түсіре отырып сақтау, келешек ұрпаққа дәріптеу мақсатында бейне қор, фото қор, жеке тектік қор ашу дұрыс жолға қойылып, өз жалғасын тауып отыр. Жоғарыда аталған жеке тектік қор дерегінен интернационалист жауынгер марқұм Оразалин Серікбай

сол даңқты дәстүрге лайық болып өскен ауылдасымыз деп мақтан етеді. Жауынгер жігіттің сырға берік ең жақын досы Қызыларай ауылының тумасы Қайрат Жақышев естелігінде былай дейді:

“– 1976 жылдан Сепамен екеуіміздің арамыз ажырамас дос болдық. 3-класстан басталған сол достығымызды ешкім үзе алмас та еді, егер ол тірі жүрсе. Менің анам Күнтәй Үйсінбаева Сепаның әкесі баққан малды ауылда сауыншы болатын. Содан да болар Балқашбай аға мен Шәрбан апай мені өздерінің баласы секілді көретін. Тіпті демалыс күндерінде де екеуіміз жұп жазбастан үйімізге бірге барып, бірге қайтушы



жылы туып өскен. Серікбай малшы отбасында өсті. Әкесі Балқашбай марқұм бақташы болған. Анасы Шәрбан Бекмағанбетова кезінде совхоздың ғана емес аудандағы үздік сауыншылардың бірі болды. Малшы отбасында Серікбайға дарыған қасиеттің бірі – еңбекқорлық. 1983 жылы орта мектепті бітірген Серікбай көп ойланбастан ауылда еңбек студі ұйғарып трактор рулін ұстады. Жас механизатор, комсомол мүшесі туған ауылда бір жылға жетер-жетпес уақыт тер төгіп, Кеңес Әскері қатарына аттанды.

Серікбай Оразалин 18 қыркүйек 1986 жылы кезекті жауынгерлік тапсырманы орындау үстінде ерлікпен қаза тапты. Өзінің ақтық демі біткенше интернационалдық борышқа адалдығын көрсетіп кетті. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1987 жылғы наурыз айындағы Жарлығы бойынша Ауғанстан Демократиялық Республикасына интернационалдық көмек көрсету жөніндегі тапсырманы ойдағыдай орындағаны үшін қаза тапқаннан кейін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

Серікбай Оразалин ата-бабаларының жауынгерлік дәстүрлеріне адалдығын көрсетті. Қызыларайлықтар жалынды революционер жерлестері Уғар Жәнібековты, Ұлы Отан соғысында Қызыларай баурайында туып-өскен, зұлым жауға қарсы ерлікпен шайқасқан ер азаматтарды еске алып, Серікбайды

сағынышқа толы соңғы хаты менің қолыма өзі қаза табарынан бір-ақ күн бұрын тиді, онда ауылға қайтар күн таяу қалғанын жазыпты...”

Серікбайдың бірге оқыған кластары Перизат Ақылбекова, Үміткүл Әсекеева, Шолпан Әзімбекова оның ақкөңілділігін, туған-туыстарына деген адалдығын тебірене айтты. Кластары оны еркелетіп “Сева” деп айтады екен. Олардың айтуынша Серікбай жұмсақ, елгезек мінезімен достарының осындай сенімі мен құрметіне ие болған. Жауынгердің Ауғанстаннан жолдаған хаттарында да адамдарға деген інкөр көңілі, азаматтық жанашыр да қамқор жүрегінің жылуы байқалады. Әсіресе оның анасына жазған хаттарынан баланың ақ сүтін беріп, әлдилеп өсірген анаға, сәби кезінен шапанының етегіне жармасып өскен әжесіне деген махаббатын, сағынышын жазбай танысыз.

“Апамның (үлкен шешесін айтып отыр) қалы қалай мен барғанша күте беріңдер” деп жазады бір хатында. “Мен барғанша” дегені бәлкім баланың ана алдындағы парызын өтеуге асыққаны болар, бәлкім немере қызығын көрсетсем, жеңіспен аман оралсам деген арманы болар... Қалай дегенмен де бұдан от пен оқтың ортасында есейген азаматтың сәбилік пәк жүрегінің лүпілін танимыз. “Тәте, апа” деп басталатын тағы бір хатында “Қалым жақсы, денім сау, служба ойдағыдай жүріп жатыр, “достарымның қалы жақсы, бәрі сәлем айтып жатыр” деп жазған. Ана мен әже, аға мен әпке оның интернационалдық борышын өтеп жүргенін, қауіп-қатері көп жерде екенін әрине біледі. Жауынгер ұл олардың көңілін алаңдатқысы, ананың ұйқысын төрт бөлгісі келмейді. Серікбайдың ауған дұшмандарымен айқас үстінде жазған хаттарынан интернационалдық борышын орындау үстінде шындалған жауынгердің бейнесін танимыз.

Бір өкініштісі, достарына, туған-туыстарына жазған хаттарының бірінде Серікбай өзінің госпитальда жатқанын ашып айтпаған, тек Қайратқа “үш саусағымнан айырылдым” деп қана жазады. Біздің егжей-тегжейлі білетініміз, Серікбайдың дұшмандармен ақтық айқастағы ерлігі ғана.

Қызыларай селолық Кеңесі атқару комитетінің шешімі бойынша Шотай қыстауы Серікбай Оразалин атындағы қыстау деп аталған. Серікбай Оразалин жасаған ерлігін мәңгі есте қалдыру мақсатында аудан орталығы – Ақтоғай селолық Кеңесі атқару комитетінің шешімімен селоның оңтүстік-шығысындағы көшеге Серікбай Оразалиннің есімі берілген. Қызыларай ауылының тұрғындары жыл сайын Серікбай Озалин атында тоспа доптан турнир өткізуді дәстүрге айналған. Осының бәрі ауылдастарының батыр жерлестеріне деген мәңгілік құрметінің белгісі болса керек.

Қалам қантарартұста, батырдың анасы Шәрбан апайға Серікбай Оразалин сияқты азаматты тәрбиелегеніне шексіз алғысымызды білдіреміз.

Дереккөз негізі:
С. Оразалиннің
жеке тектік қорынан.

*** Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына – 35 жыл**



Ауған соғысының тарихы

1979-1989 жылдар аралығындағы Ауған соғысы – КСРО Қарулы күш-терінің Ауғанстан шекарасына баса-көктеп кіріп, оның ішкі саясатына қол сұғу салдарынан тұтанған өрт. КСРО басшылығы Ауғанстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген «халықтық-демократиялық үкіметті» қолдап, көршілес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеді. Іле-шала «интернационалды әскери жәрдем береміз» деген желеумен ішкі мәселесіне араласты. Бұл – КСРО-ның өзге елдерді өз ықпалына қарату саясатының айқын көрінісі еді.

1965 жылы қаңтарда Ауғанстанда Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті тыңшыларының араласуымен жартылай астыртын қызмет атқарған халықтық-демократиялық Партия құрылып, біраздан соң ол екіге бөлінеді. Нәтижесінде, «Халық» тобын Н.Тараки, Х.Әмин, ал «Парчам» тобын Б.Кармаль басқарды.

Уақыт өте келе 1977 жылы мамырда Мәскеудің нұсқауымен халықтық-демократиялық партияның екі тобы бірігіп, астыртын қимылдарын ұлғайта түсті. Мұхаммед Дауд үкіметі халықтық-демократиялық партияға қысым жасап, 1978 жылы 26 сәуірде басшыларын қамауға алды. Ертеңіне Кабулдағы әскери күштер көтеріліп, Дауд бала-шағасымен қазаға ұшырады. Сөйтіп, Ауғанстанда халықтық-демократиялық партия билігі орнады.

Жаңа үкімет КСРОның айтқанынан шықпай, бірден социализм негізін қалауға кірісті. Алайда, жаңа үкіметтің жер реформасын жүргізіп, діндарларды қудалауы, ағарту саласындағы өзгерістер мен кеңестік мамандарды көбірек пайдалануы, соған қоса, жергілікті көшпелі тайпалардың әдет-ғұрпымен, салт-мүддесімен санаспауы бұқара халықтың наразылығын тудырды. Көп күттірмей сол 1978 жылғы қазанда ірі қарулы қарсылықтар басталды.

Сол жылдың желтоқсанында Ауған үкіметі КСРО мен достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа отырып, Мәскеуге арқа сүйеді.

Алайда, халық күресі одан әрі күшейе түскені белгілі. 1978 жылдың соңына қарай 26 уәлаятта 18

көтеріліс өрті лаулады. Сондай жағдайда халықтық-демократиялық партия басшылары өзара тартысып, Кармаль тобы жеңілгеннен кейін, оны Чехословакияға елші етіп жіберді. Келесі жылғы қыркүйекте Н.Тараки Х.Әминнің қолынан қаза тауып, халықтық-демократиялық партия мен мемлекет басына Х.Әмин отырады.

Бұл жағдайды Мәскеу өз мүддесіне қауіп ретінде қабылдады. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Әминді қызметінен шеттетіп, «парчамшыларды» билікке әкелуге әрекеттенді. Ол шешім жүзеге аспауы салдарынан 1979 жылы 12 желтоқсанда Коммунистік партияның Орталық комитетінің бас хатшысы Л.Брежнев бастап, Ю.Андропов, М.Суслов, Д.Устинов, А.Громыко қостаған Одақ басшылары Ауғанстанға кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, 1979 жылы 27 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді.

Осынау он жыл аралығында Ауған халқының 614000 тұрғыны ажал құшып, әскери техникасы 362 танкіден, 804 брондалған тасымалдаушы мен жаяу әскер көлігінен, 120 ұшақ пен 169 тікұшақтан айырылды. Өз кезегінде, КСРОның 15031 сарбазы көз жұмып 10751і мүгедек атанса, 417 жауынгер тұтқынға түсіп, хабаршарсыз кеткен. Сондайақ, Кеңес әскері айырылған әскери техника қатарында 147 танк, 1314 брондалған көлік («БТР», «БМП», «БМД», «БРДМ2»), 510 инженерлік көлік, 11 369 жүк көлігі мен жанаржағармай тасу көлігі, 433 артиллериялық жүйе, 118 ұшақ пен 333 тікұшақ бар. Оған әр жыл сайын КСРО қазынасынан жұмсалған 5 млрд. рубльді қосыңыз.

Бұл соғыста қазақстандық азаматтардың да үлесі аз болмады. Ауған соғысына қазақстандық 22000 адам қатысып, олардың 761 і қаза тапса, 21 адам хабарсыз кеткен. Соның ішінде, осы өңірден аттанған 2000 жауынгер тағы бар. 86сы – қаза тапты.

Материалды әзірлеген
Думан ҚАБЫЛ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамаға жатпайтын нормативтік құқықтық актілер

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 473, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 12 шілдедегі № 135 және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 223 бірлескен бұйрығымен бекітілген Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми сарапшыларды іріктеу қағидаларына сәйкес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу туралы талап:

Президенттің нормативтік құқықтық жарлықтарының;

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының нормативтік құқықтық актілерінің;

Парламент пен оның палаталарының нормативтік қаулыларының;

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулыларының;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының;

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының нормативтік құқықтық қаулыларының;

заңнамалық актілердің жобаларын Парламенті Мәжілісінің қарауына және Президент жарлықтарының жобаларын Президенттің қарауына енгізуді көздейтін Үкімет қаулыларының;

нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің;

тиісті аумақта карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу (жою) туралы, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің;

сайлау учаскелерін құру және үгіт баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды айқындау, сондай-ақ кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру, тарату және қайта құру, олардың шекаралары мен бағыныстылығын белгілеу және өзгерту, оларға атау беру және атауын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы нормативтік

құқықтық актілерінің;

елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және олардың атауын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

барлық деңгейдегі бюджеттерді бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекті тарифтерді, бағаларды бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

жария сервитутты белгілеу туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерінің;

мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, сондай-ақ "Қызмет бабында пайдалану үшін", "Баспасөзде жариялаусыз", "Баспасөзге арналмаған" деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілерінің;

уәкілетті органдардың басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін реттейтін және үшінші тұлғаларға қолданылмайтын нормативтік құқықтық актілерінің;

үлгілік және ұқсас нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленген және қосымша құқықтық нормаларды қамтымайтын нормативтік құқық-тық актілерінің жобаларына қолданылмайды.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу туралы талап жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актілерге де қолданылмайды.

Н.Торғаева,
Қарағанды облысы Әділет департаментінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің бас маманы.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқу

Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын іске асыру аясында Ақтоғай ауданының Мансап орталығы азаматтарға еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша 2023 жылы қысқа мерзімді тегін оқуды ұйымдастырды.

2023 жылы қысқа мерзімді кәсіби оқуды ЖШС «Кәсіптік оқу орталығы Теміртау» арқылы Ақтоғай агротехникалық колледжінде 13 адам от жағушы мамандығы бойынша 3 айлық курсты аяқтап сертификат алды. Қатысушылар 3 ай кәсіптік оқу мерзімінде ай сайын шәкіртақы және бір реттік материалдық көмек алды. Сертификат алған мамандық иелері жұмысқа орналасып бүгінгі күні еңбек етуде.

2024 жылы да Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес шілде-қыркүйек айларында тағы да 13 адамды от жағушы мамандығы бойынша қысқа мерзімді оқыту міндеті түр.

Ж.Аманбай,
Ақтоғай ауданының Мансаптық орталығы маманы.



Игенова Ардақ Қайырқызы 1961 жылы 20 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Жамшы совхозы, Бірлестік ауылында дүниеге келген. Мамандығы музыка пәні мұғалімі. Исабеков Ынтымақпен шаңырақ көтерген. Бүгінгі күні зейнеткер. Астана қаласының тұрғыны. Ха-лықаралық, Жазушылар Одағының, Әлемдік Жазушылар Одағының, Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі. Марапаттардан да кенде емес. Қазақстанның «Құрметті азаматы», «Қоғам қайраткері», «Ұлт мақтанышы»-«Гордость наций» медальдарымен марапатталған. Бейбітшілік Әлемі Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Әлемнің мейірімді адамы» медалінің

иегері. Янги Овоз Орталық Азия Жазушылар мен Тарихшылар Одағы «Тұран биримдилігі» бірлестігінің «Әлішер Науаи» атындағы орденімен, «Дуние Таланттары Одағының «Үздік ақын» медалімен марапатталған. Бразилия Мемлекетінде антологияға кіріп, ағылшын тілінде жарық көрді. Азербайжан Респуб-ликасында «Золотая Поэтическая книга Мира» кітабында орыс тілінде жарық көрді. Африка, Испания, Беларусь, Германия, Бангладеште оңдери баспаларда ағылшын тілінде жарияланды. Түркия мемлекетінің «Әдеби порталында» көптеген оң жарияланып, антологияға кірді. Өзбек, Қырғыз, Қарақалпақ тілдеріне аударылды.

Оғы тиіп қапыда жараландым,
Тауқымет талқысында сараландым.
Сендер жүрген әлемге кіргенім жоқ,
Пешенеме жазған соң дараландым.

Мейлі мені сөгіндер, кінәләндер,
Жек көріндер, халімді сұрамандар.
Жарлық етсе
Жаратқан оңай екен,
Тағдырымды сынады кей адамдар.



Мен өзгемін, өзгешелеу тағдырым

Үміттеніп, жарқын күнге жол тартқан,
Әрбір жанның арманы бар дәм татқан.
Көріп білген ешкім де жоқ ертенін,
Тағдыр өзі шешіп қойған ау баста.

Жырларымнан жүрекке тауыппын ем

Ақтоғай арыстары

Алашына адалдан асын тосқан,
Тағдыры ажыратқан асыл достан.
Алты Алаш зиялысы-рухы мықты,
"Құрамыз" деп үкімет басын қосқан.

Алысып алғырлықпен аласұрдың,
Күйін кешіп түрмеде панасыздың.
Шекараны шегелеп кеткен ерлер,
Тұтас ұлтын ойлаған жанашырын.

Өсірген тектілерді, саналы ерді,
Сарыарқа күт дарыған далам еді.
Саяси белсенділік танытқан ер,
Алаш Орда іргесін қалап еді!

Үш арыс терген білім жақұттарын,
Алихан мен Әлімхан, Жақып нарым!
Найзағайдай қақ жарып, кара қылды,
Өжеттікпен сыйладың бақыт таңын!

Жақсылықты лебі ескен сөздерінен,
Көкбөрісі Түркінің өздерін ең!
Томағанды сыпырған сөтеріңде,
Ыққандүшпанот шашқан көздеріңнен!

Ақтоғайдан жарқырап күн боп шығып,
Алты Алаштың төріне нұр боп тұнып.
Сарыарқадан естіріп самал желді,
Ақсоранның жүзіне нұрды өптіріп.

Қауырсынын жұлғандай қанатымның...
Қыршын кеткен ерлер-ай,
Алашымның.
Өздеріне бас иіп тағзым еттім,
Бодандықтан құтқарған бар асылын!

Барлық ел тандай қағар қазаққа ертең,
Жерім бар, ұлан-ғайыр ғажап көркем!
Азаттықтың ақ таңы шуақ шашып,
Тәуелсіз өркендей бер туған өлкем!

Сағыныптын

Түсім бөлкім... Бұл не жәйт астан - кестен?!
Не боп кетті?
Түсінбедім?... Соғып өткен.
Жан дүнием еңірейді, өксік кернеп,
Жүрегім аласұрып тұр жүдеткен...

Ойлап кетем ботам-ау! Сағыныптын!
Сарылады шыдамай жарылып мұн.

"Кеп қалар", - деп елендеп суретін мен,
Елегізіп қарай берем алысқа тым...

Теңселіп, есенгіреп сені ойлап,
Мұнар күзді күніренді, жаным жаурап.

Шыққанда шатқалына қиялардың,
Сүрінбесін, - деп Әкенді жүрмінойлап...

Күндер өтті... мәні жоқ, мағынасыз,
Сенің де, қонды мүмкін жаныңа сыз.
Күн артынан күн өтті, шарасызбын,
Балам-ау, шынымеңен қалдым қамсыз?!

Ішім жанып барады, ішім жанып,
Өзегімді өртейді шоққа малып!
Түріп тастап түңлігін кара өлеңнің кара өлеңнің,
Саялағым келеді медет тауып...

Қайда кетті сол кезгі әсем әнім,
Бүгін мұңлы нәліктен көп жайдарым?...

Айтпаңдаршы, "баланды еске алма" деп,
Онсыз-дағы жүрегім болды жарым.

Үкілерін жоғалтқан дара жандар,
Өмірдің ызғарына шыдағандар.
Сағымдалған сары ала тонды киіп,
Арқалап ауыр жүкті жүре алғандар!

Тілеймін баршаңызға төзімділік,
Жүргендейін жаннатта "көзің" күліп!
Адамзаттың жалғасар, ұрпақ-ұлын,
Аман қылшы, құдырет, өзің жүріп!



Сарым Жалаңтөс батыр (Соқыр)

Жауға шабар ер бол туған киелім,
Ақ иығы Арғынның сен дүрі едің!
Қаһарланса ызбар есіп жүзіңен,
Қас жауының дірілдеткен жүрегін!

Батыр баба алғыр алмас жігерлім,
Жерді қорғап қайсарлықпен түледің!
Қарсы шығып анталаған жауына,
Тапталпаған ар намысын ұлы елдің!

Дара бозым, нар тұлғалы тарланым,
Жауларыңды жолбарыстай армадың!
Қанды балақ, қалың қалмақ шошыпты,
Көргенінде көк түріктің арланың!

Есімі ерен, ел ішінде жасарған,
Орта жүздің ерен ұлы қаһарман!
Тау қопарып, тас шайнаған тайсалмай,

Қалқан етіп төсін жауға тоса алған!

Ұлы ұлан ұмытылмас қыраным,
Бүгінгі ұрпақ арнар оған жыр-әнін.
Ол өйткені пида етті ел үшін,
Өзің, жаның, мандайдағы шырағын!

Қайталаған Ата-баба ерлігін,
Өр Жалаңтөс аңыз батыр ер бүгін!
Ол ансаған күнге жетті Қазағым,
Тұғыры биік көк байрақты ел бүгін!



Жұмағым Жамшым

Сарыарқа төсінде кең дала,
Алтын тақ, тұғырым сен дара!
Кіндік қан тамған жер киелі,
Анамдай аяулы сен ғана.

Қайырмасы
Жұлдыздар жарқырап көгінде,
Ырыс-күт, береке жерінде.
Шаһардай теңдессіз Жамшыны,
Жүректің сақтаймын төрінде.

Бас иіп туған жер өтемің,
Сағынып құс болып жетемін.
Аманат бабадан біздерге,
Жамшы елім-жұмақтай мекенім.

Қайырмасы
Жастары қырандай қайратты,
Бақытқа бөлеген аймақты.
Алаштың ұрпағы-өрелі,
Ұл-қызы өнерлі, айбатты.



Тауқымет талқысында
Жалғызымды сыйғызбай маңдайыма,
Сынақ берді у салып тандайыма.
Аманат қып қалдырып қос гүлінді,
Қарадың ба, бұл мүшкіл жағдайыма...

Жазғырмандар жаздың деп өленді сен,
Еріккеннен жазбадым мұңымды мен.
Жолбарыстай жаралы сүйретіліп,
Жырларымнан жүрекке тауыппын ем.

Қара түнек түнерген түндерім бар,
Қырқылса да қанатым тілегім бар.
Кірпігімнен үзіліп мөлдір моншақ,
Ұқсамайтын ешкімге өмірім бар.

Мен өзгемін... Өзгешелеу тағдырым,
Қия жолдар, биік құздар, қарлы тым.
Жүріп келем, сүрінсем де бетке өрлеп,
...Тауқыметсіз өткен күнді сарқыдым.

Мен өзгемін... Бір басымда бар мұным,
Кім түсінер, кем дүние тарлығын?
Өлең болып өрілемін, елесіпін,
"Көтерер" деп Алла өзі салды сын...

Мен өзгемін... Ұқсамаймын ешкімге,
Қиындықты көбірек сәл кештім бе?
Арым таза, ақ ниетті адалмын,
Бұл фәнидің жалғанында бес күнде.

Мен өзгемін... Өзгешелеу жырым да,
Қызғанбаңдар "бұрыс ау," деп мұным да.
Іштарлықпен мені даттап мінесен,
"Көбінімнің" біліп көрші құнын да.

Мен өзгемін... Жыласамда нұр шашам,
Мейіріммен айналама тіл қатам.
Өзгермеймін, мені осылай жаратқан,
Қабылдаңыз, осы менмін, тыңдасан.

Мен өзгемін... Әппақ нұрмын жарандар,
Шашу етіп шаштым жырды қарандар!
Гүл көктемдей шуақ болсын төрінде,
Әрбір үйге бақ дарысын адамдар!

Бағалайық барында әкелерді

Әке-пірін, айбары әулетіңнің,
Қамқоршысы, береке дәулетіңнің.
Киелі қасиеттің несі де,
Алтын дінгек-саясы сәулетіңнің.

Дуасы бар салихалы сөздеріңнің,
Нұры менен нұрландым көздеріңнің.
Бағасы артық бала үшін барын салған,
Талғамына төнтімін өздеріңнің.

Нәр алған мөлдір бұлақ бастауынан,
Өзегіңнен өрбіген, өскен ұлан.
Бағалай біл баға жетпес асылыңды,
Тағзым сізге, мың алғыс ұл-қызыңнан!

Әкелерді сыйлайық, сол-тілегім,
Көк тіреген таулардай ол-тірегің!
Тасқа біткен тамырлы қарағайдай,
Қорғандары елімің бәйтерегім!



Құттықтаймыз!



Құрметті Ултыкеев Сәкен !

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 60 жасқа алып жетті. Сізді мерей-тойыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз. Әр күніңіз шуақты, денсаулығыңыз қуатты болсын. Егеменді еліміздің игілігі, мұрат мүддесі жолында биік белестерден көріне бергейсіз.

Енбегіңіздің жемісін көріп, балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көруді Алла нәсіп етсін деп тілек білдіреміз.

Ізгі тілекпен: Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музей ұжымы.

***Фотоэтиюд**



*** Білгенге маржан**

Әлемде шахмат – ақыл-ойды дамытатын спорт түрі болып саналады. Шахмат сөзінің мағынасы патша (шах) өлді (мат) дегенді білдіреді. Біз жеке тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік беретін шахмат ойынының тарихына үңіліп, бірнеше сырын есте сақтап жүрміз бе?

Шахмат

Ежелден жеткен аңыздарға сүйенсек, шахматты ең алғаш болып біздің дәуірімізге дейін 1000 жыл бұрын үндістандық математик ойлап тауыпты. Бұл аңыз шындыққа жанасады. Тактасы 64 шаршыдан тұратын шахматтың бір патша, бір уәзір, екі піл, екі ат, екі тура және сегіз пешка фигурасына қарап-ақ пайымдауға болады. Өйткені, үндістандықтар пілді ертеден асырап пайдаланып келеді.

Бүкіләлемді жаулап алған шахмат ойыны о баста соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын үйрету құралы болған. Мәселен, Парсыны жаулап алуы исламда әлемінің осы ойынды жетік меңгергендігінен деп топшылайды тарихшылар. Алайда, Арабтар аталмыш ойынды «шатрандж» деп атаған. Бірақ, исламда тактай бетіндегі таста адаммен жан-жануарлар мүсінінің салынуы на тыйым салынған. Діни қақтығысқа жол бермеу үшін сәулетшілер шахмат фигураларын белгісіз бейнелермен алмастырды. Ислам дінін қабылдаған біздің еліміз 1969 жылғы қазақ жазуының соңғы орыстандыру емле реформасына дейін қазақ тілінде дәстүрлі «шатыраш» атауымен белгілі болды.

1851 жылы Лондонда шахматтан тұңғыш рет халықаралық турнир өткізілді. Онда Андерсен деген шахматшының жұлдызы оңынан туып, бірінші және екінші жарыста жеңімпаз атанды. 1867 жылы Парижде өткен додада Колиш жеңімпаз атанды. Матчта алға шыққан Стейниц алғашқы әлем чемпионаты атанған. Шахматтан ресми әлем чемпионаты 1886 жылы өтті. Одан бері 14 шахматшы ғана жоғары дәрежелі атақты иеленді.

Шахмат – сезіну, шапшаңдық, шыдамдылық және аналитикалық ойлауға, өзі үшін күресе білуге, логикалық ойлау қабілетінің дамуына зор ықпал еткен. Адам баласының дүние танымын кеңейтуге, сөздік қорды молайтуға, білім сауаттылығы математика, физика, химия сияқты пәндерге көп септігін тигізетіндігі ғылыми түрде дәлелденген.

Шахмат тастарын қалыптастырушылардың бірі Цессолес өз заманында: «Шахмат тақтайшасындағы әрбір тастың өмірдегі атқаратын құқығымен қатар, міндеттері бар», – деп бекер айтпаса керек.

Ғаламтордан алынды.

Хабарландыру

"LiaVera" ЖШС блогының контурында қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізудің барлау жоспары жобасына "LiaVera" ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды L-43-33-(10a-5a-1) (Андреевскөе), Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында 2023-2028 жылдарға арналған (2023 жылғы 31 шілдедегі №2079-EL лицензиясы) (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), жоба рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (ЖРЕШН), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Экологиялық бақылау бағдарламасы (ЭББ), Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚЖ).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47.598241 с.е., 75.665617 ш.б.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) 47°19'00" с.е., 76°00'00" ш.б.; 2) 47°20'00" с.е., 76°00'00" ш.б.; 3) 47°20'00" с.е., 76°01'00" ш.б.; 4) 47°19'00" с.е., 76°01'00" ш.б.;

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 05 сәуірде сағат 10:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы, Абай көшесі, 1а, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRllFcXlZdz09&omn=86471046384>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931. Құпия сөз: YGC0K1

Тапсырыс беруші туралы мәліметтер: "LiaVera" ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Луганский к-сі, 10 үй, 2 пәтер, БСН: 190240005556, Директор: Д. В. Приходько байланыстар: тел +77017223348, e-mail: a_taukenov@mail.ru.

Әзірлеуші мәліметтері: ЖК "Экопроект 2017", Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, көш. Амангелді, 79. ЖСН 741016400109, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., көш. Лобода, 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Объявление

ОО «LiaVera» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по Проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие для ООО "LiaVera" к проекту План разведки проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в контуре блока L-43-33-(10a-5a-1) (Андреевскөе), в Ақтоғайском районе Карагандинской области на 2023-2028 гг. (Лицензия №2079-EL от 31 июля 2023 г.) (Раздел охраны окружающей среды (РООС), проект Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа экологического контроля (ПЭК), План природоохранных мероприятий (ППМ)).

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Нарманбет Географические координаты территории воздействия: 47.598241 с.ш., 75.665617 в.д.

Географические координаты участка: 1) 47°19'00" с.ш., 76°00'00" в.д.; 2) 47°20'00" с.ш., 76°00'00" в.д.; 3) 47°20'00" с.ш., 76°01'00" в.д.; 4) 47°19'00" с.ш., 76°01'00" в.д.;

Общественные слушания состоятся: 05 апреля 2024 года в 10:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Нарманбет, ул.Абая, 1А, здание Акимата

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRllFcXlZdz09&omn=86471046384>

Идентификатор конференции: 346 745 3931 Код доступа: YGC0K1

Реквизиты заказчика: ООО «LiaVera», Республика Казахстан, Г. Алматы, Медеуский район, Ул.Луганского, д.10, кв.2, БИН: 190240005556, Директор: Д.В. Приходько Контакты: тел +77017223348, e-mail: a_taukenov@mail.ru.


Реквизиты разработчика: ИП «Экопроект 2017», г.Караганда, район им.Казыбек би, улица ул Амангельды, 79. ИИН 741016400109, представитель: Обжорина Т.Н., Контакты: тел8 (776) 526-31-31, элпочта: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20; тел 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Еске алу



Әулетіміздің жанашыры, балаларының қамқоршы әкесі, немерелерінің ардақты атасы **Айтбайұлы Жайлаудың** өмірден өткеніне жылдың жүзі болды. Қимас көңіліміз «әкеміз арамызда жоқ» дегенге әлі сенбейді. Марқұм әкеміз байыпты да байсалды, жайсаң мінезімен, еңбек-қорлығымен, ағайын-туыс, көрші-қолаңға сый-лы бола білді.

Жазмышқа қарсы дәрмен еш пенденің пешенесіне жазылмаған. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, рухы пейіштің төрінде шалқысын деп дұға бағыштаймыз. Артта қалған ұрпағына, анамызға Алла қуат, ұзақ өмір берсін,

Бейнесі көз алдымда тұрады әлі, Жыл өтті, асқар тауым құлағалы. Күтпейді бізді үйге келе ме деп, Сағынып жанардан жас бұланады.

Сағына еске алушылар: жұбайы – Жаңыл, балалары, немерелері, шөберелері.

«Аққыз» бөбекжай-балабақшасының ұжымы осы мекеменің директоры Қақабаева Ләззатқа қайынағасы **Сүлеймібеков Берікболдың** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құттықтаймыз!

Актоғай ауылының тумасы, құрметті бауырымыз **Жұмабай Қалижанұлы** асқаралы 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге өмірдің бар бақыты мен шаттығын тілеп, әр таңыңыз жақсылықпен атып, әр жылыңыз қуанышқа толы болсын. Қадам басқан алпысыншы белесіңіз бақыт, шаттықпен өрілсін. Зор денсаулық, тың күш-қуатпен биік белестерді бағындырып, қосағынмен қоса ағарып, балалар мен немере-шөберенің қызығын көре беріңіз.



Бүгінгі күн – бөлектеу күн, маңызды, Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі. Алпыс мәрте Күнді айналып жұмыр Жер, Сізге бақыт тілеп тұрған тәрізді.

Ізгі тілекпен: ағасы – Нұрлан, жеңгелері – Назигүл, Рымкүл.



Құрметті **Ултыкеев Сәкен!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, көршілердің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерді жолдаймыз. Осы қуанышты сәтте сізге зор денсаулық мол бақыт, отбасыңызда бақ-дәулет, береке-ынтымақ таймай, аңсаған армандарыңыз орындалсын. Бала-шағаларыңыздың қызығын жан-жарыңызбен бірге көруге Алла нәсіп етсін. Іргеміз сөгілмей татулықта, бірлікте көршілігіміз мәңгі болып ғұмырыңыз ұзағынан болсын.



Алпыс – деген толы той мен думанға, Тау секілді көрінеді тұлған да. Қосағынмен қоса ағарып, шөбере сүй, Басыңыздан бақ кетпесін мәңгілік.

Ізгі тілекпен: Мүсіркеп, Рахман, Жетпіс, Абзал, Зауреш, Төлүбай, Серік, Ержан, Балқашбек, Жоламан, Перизат, Жока, Марлен, Бейбіт, Нұриманның отбастары.



Құрметті әріптесіміз **Олжас Серікбайұлы!**

Сізді келіп жеткен 30 жас мерекенізбен шын жүректен құттықтай отырып, сізге осы қуанышты сәтте бақытты да баянды ғұмыр, жемісті де жеңісті күндер, қажымас қайрат, талмас талап-жігер тілейміз. Әрқашанда деніңіз сау болып, көңіліңіз жайдары, отбасыңыз берекелі болсын.

Жас та болсаңыз, өзіңіздің еңбек етіп жүрген салаңызда білікті де білгір маман ретінде танылып үлгердіңіз. Келешекте сізге мамандығыңыздың үздік шебері атанып, алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізге тілектеспіз. Өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жарандарыңызға қадірлі де сыйлы боп тек биіктерден көріңе беріңіз.

Құтты болсын туған күнін, Аmandықта ортамызда жүріңіз. Жаратқаным жар болып сізге қашанда, Сәттілікте өтсін әрбір күнін...

«Халық банк» ұжымы.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Асанқызы Майра Орынбайкеліні!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толған туған күніннен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге қажымас қайрат, сарқылмас күш-қуат тілейміз. Бауырымыз Жәніспен бірге жапырағы жайқалған мәуелі бәйтеректей жайнап, балаларыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында, қызығы мен қуанышына тоймай, әманда ама-есен жүріңіздер



Құтты болсын қуанышты күнін, Бақытты болып шаттық өмір сүріңіз. Ойнап-күліп ортамызда жүре бер, Той-думаннан айықпасын күнін.

Ақ тілекпен: апаң – Гүлсім, Ергазы-Айнұр



Актоғай ауылының тұрғыны, аса сыйлы жан **Әбибекова Алтынгүл Қартабайқызы!**

Сізді көктемнің алғашқы күнінде келген туған күніннен, яғни 50-жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ашық аспан, отбасылық бақыт тілейміз. Балқашбек екеуіңіз бірге қартайып, ұрпақтарыңыздың қызық қуанышын көріңіздер, біз әркез той-думан қызықтарыңызға ортақтасып жақсы тілектер айтып жүруге жазсың.



Құтты болсын мерейтой – елу жасың, Әр уақытта домалап өрге тасың. Қосағынмен қоса ағарып, шөбере сүй, Ешқашанда көңіліңді кір шалмасың.

Ақ тілекпен: Қазтай аға, Мұрат-Бағдат, Қанат-Бақыт, Болат-Бақша, Нұрланбек-Гүлден, Мейірбек-Айнұр, Сағынбек-Гүлшат, Мадина, Гуля, Гүлнұр, Ернұр-Маржан, Елдос-Нұрай.



Асқар тау әке, аяулы жар, немерелерінің сүйікті атасы **Ұлтыкеев Сәкенді** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Шаңырағымыздың алтын дінгегі, қорғаны болып отырған ардақты жанға зор денсаулық, ұзақ өмір, баянды бақыт тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, әрдайым балалар мен немерелеріңіздің қызығын көріп, ортамызда қартаймай жүре беріңіз, Дос-жаран мен туған-туыс арасында беделіңіз арта берсін. Алланың берген жасын жасап, ауырмай-сырқамай, берекелі де мерекелі ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз. Арайлап атқан әрбір таң тек шаттық пен қуаныш әкелсін.

Құтты болсын мерекелі тойыңыз, Орындалсын арман-мақсат, ойыңыз. Әулетіңіздің құрметіне бөленіп, Әрқашанда биік төрде болыңыз!

Ізгі тілекпен: баларыңыз – Гүлзинат, Думан-Зарина, Елдос-Алмагүл, Арман-Меруерт, немерелері – Ясмينا, Сұлтан, Сәбина, Абылайхан, Дайана, осы тілекке анамыз Саягүл де қосылады.

Құттықтаймыз!



Актоғай ауданының тұрғыны, құрметті **Оразбай Төлжжанұлы!**

Сізді келіп жеткен 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған – туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз.

Тойыңыз әрқашанда тарқамасын, Өзінді немерелерін арқаласын, Жасына дәл осындай жас қосылып, Көңілің даридай жарқырасын.

Ақ тілекпен: Серікбол-Әлия, Талғатбек-Фарида, Бақша, Қайрат-Меруерт, Асқат-Жұлдызай, осы тілекке барша балдыздары да қосылады.



Құрметті әріптесіміз **Күлпейсов Максат Елубайұлы!**

Сізді ердің жасы 50 жасқа толған туған күніннен құттықтаймыз. Басты байлық денсаулығыңыз мықты болсын. Сізге отбасылық бақыт, еңбегіңізге жеміс тілейміз. Аманбаламен бірге балалар мен немерелердің қызығын көріңіз. Шөберенің қолынан май жалап, ақ сақалды ата, ақ жаулықты әже болыңыздар.

Ашып өмір есігін нұрланды күн, Шашу шаштық сол үшін жырдан бүгін. Өзіңе де, өзгеге де шуақ сыйлар, Құтты болсын 50 жас туған күнің **Әріптестерің: Берікбол, Қайрат, Думан, Жанар, Зулфия, Нұрғай, Бағираш, Қайрат, Бекай, Талғат, Дәулет.**



Қадірлі де сыйлы көршіміз **Бегімбетов Сайран Төлүтайұлы!**

Сізді ердің жасы 50-ге толған мерейлі жасыңызбен құттықтаймыз. Қуаныш иесіне әлемдегі бар игі жақсылықтарды тілейміз. Аллағың тарту еткен әр күні тек қуаныштардан тұрсын. Тәтті өмірдің бақытына кеңеліп, бау-бақшадай көгеріп, өсіп-өніп, бақытты да ұзақ өмір кешіңіз. Бір Алла жар болсын, жүрген жолыңыз әрдайым ақ болсын. Жүзіңізге шаттық пен күлкі үйіріліп, бақыт бесігінде қуанышты серік етіп, тербеле беріңіз.

Шартарапқа естілсін шаттық әндер, Нұр шуаққа бөлесін атқан таңың. Қуанышқа кеңелсін әр күн сайын, Жайдары да, қайырымды, жайсаң көрші **Құрметпен: Сәрсенбай-Нұрсұлу, Думан-Гүлшат, Талғат-Бақытгүл, Сәкен-Ләззат, Самат-Жанар, Ерсұлтан.**



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: "Актоғай ажары" газеті

редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Актоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

